**Шымкент қаласы білім басқармасы**
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.
Артыкова А.А.

2021-2022 оқу жылы

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы**
**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ»тобы**

**Күні:**17.09.2021ж
**Уақыты:**14:00

**Ата-аналар жиналысы**
**Хаттама №1**

**«ZOOM» платформасында**
**Идентификатор:**7461442101
**Код доступа:**123456
**Қатысқаны:**12
**Қатыспағаны:**13
**Себепті:**6
**Себепсіз**:7

**Күн тәртібі:**

1.Жаңа 2021-2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру(4 К моделі)
Баяндама: «Анам,әкем және балабақша»
2.Ата-аналар комитетін сайлау
3.Әртүрлі мәселелер

Сөз алды:

І мәселе бойынша мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобының тәрбиешісі Сабанбаева Эльмира ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап,жаңа оқу жылындағы өзгешеліктерді және балаларды күн тәртібін сақтай отырып,балабақшаға кешіктірмей алып келіп,уақтылы алып қайтуды айтты.

Балабақшада Үлгілік оқу жоспарына сай жұмыс жасайтынын,ҚР БҒ министрінің 2012ж 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы,ҚР-ның Әділет министрлігінде 2013ж 17 қаңтарда №8275 болып тіркелгенін айтып өтті.ҚР БҒ министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын» негізге ала отырып, 5 білім саласы бойынша ҰОҚ қарастырылғанын айтып түсіндірді. Ал күнделікті ҰОҚ-нің тақырыптарын «Bilimkids»ресурсынан алатынын айтып өтті.Бақшада логопед,психолог,музыка жетекшісі де қызмет атқаратынан айтты.

Биылғы оқу жылында балаларға жаңартылған бағдарлама,яғни 4К моделі бойынша білім беріп,ата-аналарға әке мен шеше баланың алғашқы тәрбиешілері,ал, сол ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс екендігін атап өтті.

Сонымен қатар, балабақшада 5 білім саласы бойынша білім берілетінін және қандай оқу қызметтері,оның қалай жүргізілетінін,қандай көрнекіліктер қолданылатынын айтып,көрсетіп берді.

Сондай-ақ ,тәрбиеші Сабанбаева Эльмира «Анам,әкем және балабақша»тақырыбында баяндама оқыды.Балабақшаның күн тәртібін сақтауды талап етті.

II мәселе бойынша тәрбиеші Сабанбаева Э жаңа 2021-2022 оқу жылында ата-аналар комитетін сайлауды ұсынды.Ата-аналар өзара ақылдаса отырып,Асылжанның,Батуханның,Мағжанның тағы біраз аналардың ұсынысы бойынша келісе отырып,төрайым ретінде Искакова Ғалия болсын,ал көмекшілері болып Юсвалиева Д.Амангелді Н. және Шаханбекова Қарлығаш сайланды.Ал басқа ата-аналар бірауыздан келісті.

Дауыс берді:8
Қолдады:8
Қолдамады:   (бірауыздан)

III мәселе бойынша тәрбиешілер мен ата-аналар біріге отырып, балалардың даму деңгейін,денсаулығын,дұрыс тамақтануын қадағалау қажет екенін айтты.Балаларға берілетін жан-жақты тәрбие түрлері мен оқу түрлері, даярлық тобында болатын өзгерістер жайында  айтты.Балаларды балабақшаға уақтылы кешіктірмей әкелуін,төлемақыны уақтылы, яғни әр айдың 10-шы жұлдызына дейін (Каспибанк) терминалмен төлеуді,балалларды ауа-райына сай киіндіруді және бақшадан себепсіз қалмырмауды,ал қалған жағдайда міндетті түрде хабарын айтып,анықтама қағазын әкелуді   айтып өтті.



**Шешім:**

1.Ата-аналар мен балабақша тығыз байланыста болсын.

2.Ата-аналар комитетінің төрайымы болып Искакова Ғ,көмекшілері болып Шаханбекова Қ .,Юсвалиева Д.,Амангелді Н тағайындалсын.

3.Балалар балабақшадан қалған жағдайда хабарлап айтылсын,ауырған күніне анықтама әкелінсін.

4.Төлемақы әр айдың 10-шы жұлдызына дейін(Kaspigold) төленсін.

5.Балалар ауа-райына сай киінсін.

**Төрайым:** **Сабанбаева Э.**

**Хатшы:** **Артыкова А.**

**Шымкент қаласы білім басқармасы**
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**
**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы**

# Баяндама
## Тақырыбы: «Анам,әкем және балабақша»

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.
Артыкова А.А.

2021-2022 оқу жылы

**«Анам әкем және балабақша»**

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу-тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған.Сондықтан да ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе болып отыр.Ата-анамен балабақша ынтымақтастығы,баланы оқыту мен тәрбиелеудегі баршаның ісі болып табылады.Отбасының да,балабақшаның да мақсат-мүддесі біреу –ол болашақ ұрпақ тәрбиесі.Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя –отбасы,ата-ана құшағы.

Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі,көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе,ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар,шеше көрген тон пішер» деген де осының айғағы.Яғни,ата-анасының өнегесі,өнері балаға үлгі болатыны,бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе,ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз.

Жазушы Ғабиден Мұстафин айтқандай, «Ата-ана қадірін білген бала халықтың қадірін біледі.Ол үшін өз халқының дәстүрін,өнерін,мәдениетін,тілін қадірлеуді ата-ана және ұстаз болып үйрету керек».

Ендеше, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»демекші,отбасы мен балабақша бірлесе,ынтымақтаса отырып,оқу-тәрбие жұмысын мақсатты түрде жүргізсе,елдің,халқының дәстүрін сыйлайтын,ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз өтелері сөзсіз.Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор.Себебі,отбасы баланың түпкі тамыры,болмысын қалайтын мекен.Сондықтан да балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата-аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі.Сол себепті ата-аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлу керек.

Біздің алға қойған мақсатымыз –ата-ана арасындағы ынтымақтастықты құру.

Алдымызға қойған міндеттеріміз:

1.Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сай педагогикалық кеңес беру.

2.Балабақшадағы іс –шараларға ата-аналарды қатыстыру.

3.Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.

4.Үлгілі ата-аналар бұрышын жасау.

5.Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.

6.Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.

7.Күнделікті оқу-тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту.

Әке мен шеше –баланың алғашқы тәрбиешілері.Ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.Бала бақыты –білімде.Білім –бір құрал.Білімі көп адам құралы сай ұста сияқты,не жасаса да келістіріп жасайды дейді Ахмет Байтұрсынов.Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай бірлесе жұмыс атқару керек.Бала психикасы үйдегі көрген-білген,естіген мәліметтермен толығады.Әрбір ұстаз ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді,қазіргі жаңа техноогияларды пайдалана отырып,ата-аналардың қызығушылын арттыру мақсатында жұмыс атқарса,ата-ананың балабақшаға ,тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты –отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру,оны ауыстырмай,тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу.Бұл:

-баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;

-бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;

-отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;

-отбасы өмірінің бейнесін жасау,отбасылық дәстүрлерді формалау;

-баланың жекелігін қабылдау және түсіну,балаға бірден –бір тұлға ретінде сену және сыйлау.

Мектепке дейінгі ұйым педагогы ата-аналармен сенімді шағын орта құру үшін олармен жұмыс мазмұны мен формаларын ойластыруы міндетті.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Форма(латын сөзі forma) –құрал,бірнәрсенің құрылымы,ұйымдастыру жүйесі.

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес,жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді:

-көрнекі насихаттау;

-онлайн бақылау;

-отбасына қатынау;

-консультациялық пункттер;

-ата-аналар жиналысы;

-әңгімелесу мен консультациялар;

-ата-аналар конференциялары;

-ауызша журналдар;

-сауалнама жүргізу;

-ашық есіктер күні;

-дөңгелек үстелдер;

-клубтар ұйымдастыру;

-біріккен бос уақыттар.

**Шымкент қаласы білім басқармасы**
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.
Артыкова А.А.

2021-2022 оқу жылы

**№53 «Ер-Асыл»бөбекжай бақшасы**
**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ»тобы**

**Ата-аналар жиналысы**
**Хаттама №2**

**Күні**:02.12.2021ж
**Уақыты**:14:00

**Қатысқаны**:15
**Қатыспағаны**:10
**Себепті**:10
**Себепсіз**:0

**Күн тәртібі**

1. «Дені саудың -тәні сау» (баяндама)
2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс-шаралары
3.Әртүрлі мәселелер

**Сөз алды:**
І мәселе бойынша тәрбиеші Артыкова Айткүлдің «Дені саудың-тәні сау» атты баяндамасы тыңдалды. «Халқымыз «Дені саудың-тәні сау»деп бекер айтпаған.Адам баласының дені сау болсыа,оның тәні де сау болады.Денсаулық –басты байлық.Денсаулық –адам өміріндегі басты құндылықтардың бірі.Егер адамның денсаулығы жақсы болса,онда сол адамның келбеті,аяқ-қолы,дене бітімі де сау болады.Дені сау ұрпақ –ұлт болашағы демекші,спортпен айналысу,салауатты өмір салтынұстану – денсаулықтың кепілі»,деп тұжырымдады.Осы тыңдалған баяндамадан кейін ата-аналардың баласы алдындағы міндеттерін мысалға келтіре отырып,шешім шығаруды ұйғарды.

**Шешім:**

1.Жас жеткіншектің денсаулығына ең алдымен ата-анасы жауапты болсын.
2.Салауатты өмір салтын ұстану қағидасын отбасында және балабақшада жастайынан меңгертіп отырсын.
3.Балаларға денсаулық туралы мақал-мәтелдер үйретілсін.

**Сөз алды:**
ІІ мәселе бойынша тәрбиеші Сабанбаева Эльмира алда келе жатқан Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық барысы туралы баяндады.Онда әртүрлі кейіпкерлер қатысатынын,балаларға мерекеге сай киім қажет болатынын айтты.Сондай-ақ балабақшада мерекелік концертке арналған киімдердің жеткілікті екенін де айтып өтті.Егер де өзіміз басқа костюм сатып алғымыз

келеді деген жағдайда сол киімге байланысты би болатынын ескертті.Одан соң Аяз атадан сыйлық  күтетіндерін,тақпақтарын жақсылап жаттап алу керектігін айтты.Бірақ ата-аналарсыз өтетінін ескертті.Әртүрлі билер,әндер орындалып,қызықты ойындар жүргізілетінін айтты.
Жалпы алғанда, барлық бала өнер көрсететінін,ешқандай бала сыйлықсыз қалып кетпейтінін айтып, ескертті.
Тәрбиешінің түсіндіруінен кейін ата-ана тарапынан сыйлық жөнінде әртүрлі ұсыныстар түсті.

**Сөз алды:**
Ата-аналар комитетінің төрайымы Искакова Ғалия барлық балаға ата-анасы өзі ұнатқан сыйлықтарын алғаны дұрыс болатынын,себебі әр баланың талғамы әртүрлі болатынын айтты.Әркім өзі баласына үйінде балаға көрсетпей жасап,ертеңгілік болатын күні тәрбиешіге алып келіп беріп қойса,Аяз атаның қолынан алатын болады.Мерекелік кешке киетін киімдерін де алдын ала ескертіп айтып қоятындарын айтып өтті.Бұл ұсынысқа ата-аналардың барлығы бірауыздан келісті.
Осы мәселеге байланысты шешім шығарып қоюды ұсынды.

**Шешім:**
1.Бүлдіршіндерге сыйлықтарды ата-аналар баласының қалауымен алсын.
2.Қандай киім кигізетінін алдын ала айтып ескертсін.

**Сөз алды:**
ІІІ мәселе бойынша тәрбиеші Сабанбаева Эльмира ата-аналарға баланың балабақшаға өз уақтысында келуін және де қайтуын қадағалауды ұсынды.Келмей қалатын жағдай болса хабарласып айтып отыру керектігін айтты.Төлемақының кешікпей төленуін ескертті.Ауырып қалған балаларға міндетті түрде анықтама қағазын әкеліп беру керектігін ескертті.Баланың ұқыптылығына,тазалығына жауапкершілікпен карауды ұсынды.Бала өзінің балабақшаға келгенін сезінуі керек,таза жүруі керек.

**Қаулы:**

1.Ата-ана мен балабақша тығыз байланыста болсын.

2.Бала себепсіз бақшадан қалмасын,ауырған жағдайда анықтама талап етілсін.

3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық өз деңгейінде жасалсын.

4.Төлем жарнасы әр айдың 10-на дейін терминалмен (Kaspigold) төленсін.

**Төрайым:** **Сабанбаева Э. С.**
**Хатшы:** **Артыкова А.А**

**Шымкент қаласы білім басқармасы**
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы**

# Баяндама
# Тақырыбы: «Дені саудың-тәні сау»

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.
Артыкова А.А.

2021-2022 оқу жылы

## «Дені саудың –тәні сау»

Қазақ халқымыз «Дені саудың-тәні сау» деп бекер айтпаған.Расымен де жаны таза жақсы адам болса,әрине адамның ішкі тәні де сау болады.Себебі жан мен тән егіз.

Халқымыздың бұл нақыл сөзі өмірден алынған.Дені сау адамның өмірі тамаша.Денсаулық – ең басты байлық екенін бәріміз де жақсы білеміз.

Денсаулық-адам өміріндегі басты құндылық.Егер адамның денсаулығы жақсы болса,онда сол адамның келбеті,аяқ-қолы,дене бітімі сау болады.

Кез келген елдің болашағы-оның халқының денсаулығына байланысты екендігі-дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.Ал біздің болашақтағы бағытымыз-салауатты өмір салты.

Ауырып ем іздегенше,ауырмайтын жол ізде дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп,олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Денсаулық-адам жаны мен тәнінің амандығы.Дені сау адам өзі үшін де,ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек.

Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі,жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетініңқаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты.

Денсаулық- ел дамуының басты арқауы.Денсаулық сақтау біздің өміріміздегі келелі мәселелердің,өзекті міндеттердің бірі.

Жеке адамның да,мемлекеттің,қоғамның да басты байлығы-денсаулық.Осынау байлығымызға балаған денсаулығымыздың қамын ерте бастан ойлауымыз қажет екенін естен шығарып алатынымыз өкінішті-ақ.

Табиғаттың ең қымбат жемісі-адамдардың өз денсаулығына көңіл бөлгені – өзін-өзі сыйлағаны.Осыдан-ақ табиғаттың берген сыйы тұла бойына таза қарап,өмірінің соңына дейін денсаулығы зор болып,адам атына кір келтірмей өту абзал.

Адамның денсаулығы- өмір тіршілігінің ең бірінші шарты болып табылады.Дені сау болса,адамның өзі де,жан-жағындағы адамдар да бақытты.Ауру төнсе,кең дүниені тар қылмақ,-дегендей,өкінішке орай,қымбат байлығымызға кереғар әсерін тигізетін зиянды нәрселер де баршылық.Бір кездері мақтаныш көріп,жерге салып тастаған сан түрлі зауыттардың түтіні адам ағзасын тұншықтыруда.

Денсаулық – табиғаттың адамзатқа тарту еткен ең асыл сыйы.Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы,әрі ұзақ өмір сүруі,тәннің саулығын сезіну.Онсыз өмірді емін-еркін сүре алмайсың.Ол жақсы болуы үшін не

уақытты,не күш-жігерді,немесе еңбекті,тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек.Денсаулығы сыр берген адам қоршаған ортаның кереметін көре алмайды.

Денсаулық –тек жеке бастың ғана емес,ұлтымыздың да ұлы игілігі.Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты.Әрбір адам салауатты өмір салтын ұстанып,өз денсаулығына сақтықпен қараса,жарқын өмірге жол ашылады.Демек,өміріңіз бен нұрлы болашағыңыз өзіңіздің қолыңызда екенін ұмытпаңыз.

Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы демекші,спортпен айналысу,салауатты өмір салтын ұстану – денсаулықтың кепілі.

**Денсаулық туралы мақал-мәтелдер**

1.Шынықсаң – шымыр боларсың

2.Дәрігер дәрімен емдемейді,

Тілмен емдейді

3.Ауырып ем іздегенше,

Ауырмайтын жол ізде.

4.Денсаулық – зор байлық.

5.Дерткөп,денсаулық біреу.

6.Адамның басты байлығы- денсаулық.

7.Дана көптен шығады,

Дәрі шөптен шығады.

8.Демі бардың емі бар.

9.Бірінші байлық- денсаулық!

**Шымкент қаласы білім басқармасы**
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ» тобы**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

Тәрбиеші: Сабанбаева Э.С.
Артыкова А.А.

2021-2022 оқу жылы

**№ 53 «Ер –Асыл» бөбекжай бақшасы**
**Мектепалды даярлық «Қызғалдақ»тобы**

**Ата-аналар жиналысы**
**Хаттама №3**

**Күні**:22.02.2022ж
**Уақыты:**13:30
**Қатысқаны**:15
**Қатыспағаны**:12
**Себепті**:12
**Себепсіз**:0

**Күн тәртібі**

1.Әңгіме: «Не үйреніп,не білдік?»
2.Табиғат жайлы толғаныс: «Табиғатты аялайық»
3.Әртүрлі мәселелер

**Сөз алды:**
І мәселе бойынша тәрбиеші Сабанбаева Эльмира ата-аналарға жарты жылдық қорытынды есебін берді.Осы күнге дейін балалармен өткізілген ашық оқу қызметтерін және айтулы мерекелерге байланысты өткізілген ертеңгіліктер туралы айтып өтті.Ашық оқу қызметтерінің де,ертеңгіліктердің де өз деңгейде өткенін атап айтты.енді алда келе жатқан 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі мен Жыл басы-Наурыз мерекесін де ауызбіршілікпен өткізіп алуды ұсынды.Балаларға арнайы тақпақтар берілетінін,әндер айтылып,билер билейтінін айтып өтті.
Сонымен қатар балалардың білім деңгейін қадағалау үшін бастапқы,аралық мониторинг есебін берді.Жыл басынан бері балалардың білім деңгейінің біршама жақсарып қалғанын,тілдік,танымдық,әлеуметтік дағдыларының орташа деңгейде қалыптасқанын,сондай-ақ шығармашылық қабілеттерінің жоғары деңгейде қалыптасып келе жатқанын алға тартты.
Топтағы ұл-қыздардың өнерге бейімделіп қалғанын да айтты.Оған себепкер болып жүрген музыка жетекшісі Турдалиева Ұлан апайдың еңбегіне алғыс айту керектігін де атап өтті.
Сондай-ақ балалар дыбыстарды біршама меңгеріп,есептеу дағдыларының да өз деңгейде дамып келе жатқанын да атап өтті.Өз есімдерін жаза алатынын,сандарды қосып және азайту біліктерінің өз деңгейде дамып келе жатқанын айтты.Балалардың ой-өрісінің дамуына осы бақшадағы «Интеллектум» ойындарының маңызы зор екенін айтып өтті.Бала білім ала отырып тәрбиені да алады және ойын арқылы жан-жақты дамиды.Сюжеттік-

рөлдік,үстел үсті,саусақ театрлары және де қуыршақ театрларын орнымен қолдана білудің арқасында,атрибуттар арқылы ертегіні өздері сомдап берген балалардың тілдері де,танымдық,шығармашылық қабілеттері де артатынын,сонымен қатар айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы да өзгеретінін,мейірімділік,достық қарым-қатынастары дамитынын айтты.

**Сөз алды:**
Тәрбиеші Артыкова Айткүл ата-аналарға табиғат жайлы фотокөрмелер ұйымдастырып,көктем мезгіліне байланысты енді ауа-райының өзгеретінін айтты.Баланы табиғатты сүюге,айналасындағы қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін табиғатқа көбірек серуен жасағанның пайдасы зор екенін айтып өтті.Балаға жаңбырдың пайдасы мен зиянын,басқа да табиғат құбылыстарының пайдасы мен зиянды жақтарын қалай түсіндіріп отыру керектігін ата-аналарға атап айтып берді.Табиғатты аялау керектігін түсіндіріп өтті.

**Сөз алды:**
ІІІ мәселе бойынша тәрбиеші СабанбаеваЭльмира ата-аналарға балабақшамен тығыз байланыста болуды айтты.Себебі,қандай мәселе болмасын осы екі жақпен ынтымақтаса отырып шешілсе,болашақ ұрпағымыздың тәрбиесі жоғары деңгейде болады деді.Сонымен қатар баланы балабақшаға кешіктірмей әкелуді айтты.Күн тәртібін қатаң сақтауды айтты.Бала өз уақтысында келіп,жаттығу жасауы керек,тамақты уақтылы ішуі керек.Сондай-ақ ұқыпты болып жүруі керектігін айтты.Төлем жарнасын кешіктірмей төлеу керек екенін айтып өтті.Төлемді Каспи терминалмен аударуды айтып өтті.Балаларды ауа-райына сай киіндіріп әкелуді айтты.





**Қаулы:**

1.Ата ана мен балабақша тығыз байланыста болсын

2.Ертеңгіліктер өз деңгейінде өтсін

3.Баланы ауа-райына сай киіндірсін.

4.Төлем жарнасын әр айдың 10-на дейін Каспи терминалмен аударсын.

**Төрайым: Сабанбаева Э.С**

**Хатшы: Артыкова А.А**

**Шымкент қаласы білім басқармасы**
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы МКҚК**

**Мектепалды «Қызғалдақ» тобы**

# Баяндама
## Тақырыбы: «Анам,әкем және балабақша»

Тәрбиеші: Усипбекова А.К.
Каржауова М.Ж.

2022-2023 оқу жылы

**«Анам әкем және балабақша»**

Қазіргі заман талабында отбасы баланың оқу-тәрбиесіне араласу қажеттілігі айтылған.Сондықтан да ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты дамыту өзекті мәселе болып отыр.Ата-анамен балабақша ынтымақтастығы,баланы оқыту мен тәрбиелеудегі баршаның ісі болып табылады.Отбасының да,балабақшаның да мақсат-мүддесі біреу –ол болашақ ұрпақ тәрбиесі.Болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя –отбасы,ата-ана құшағы.

Жас сәбидің алғашқы еститіні анасының мейірбан сөзі,көретіні анасының аялы алақаны. «Ұяда не көрсе,ұшқанда соны іледі» немесе «Әке көрген оқ жонар,шеше көрген тон пішер» деген де осының айғағы.Яғни,ата-анасының өнегесі,өнері балаға үлгі болатыны,бала үйде қандай игі істерге тәрбиеленсе,ұядан ұшқанда да сол өнеге-өсиет оған сарқылмас қазына болары сөзсіз.

Жазушы Ғабиден Мұстафин айтқандай, «Ата-ана қадірін білген бала халықтың қадірін біледі.Ол үшін өз халқының дәстүрін,өнерін,мәдениетін,тілін қадірлеуді ата-ана және ұстаз болып үйрету керек».

Ендеше, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»демекші,отбасы мен балабақша бірлесе,ынтымақтаса отырып,оқу-тәрбие жұмысын мақсатты түрде жүргізсе,елдің,халқының дәстүрін сыйлайтын,ұлтжанды жеткіншек өсіру мақсатымыз өтелері сөзсіз.Болашақ ұрпақ тәрбиесін іске асырып отырған кез келген мекеме үшін отбасымен жұмысты тиісті дәрежеде ұйымдастырудың маңызы өте зор.Себебі,отбасы баланың түпкі тамыры,болмысын қалайтын мекен.Сондықтан да балабақшаның оқу-тәрбие жұмысында ата-аналармен жұмысқа ерекше мән беріледі.Сол себепті ата-аналармен жұмысқа үлкен көңіл бөлу керек.

Біздің алға қойған мақсатымыз –ата-ана арасындағы ынтымақтастықты құру.

Алдымызға қойған міндеттеріміз:

1.Ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сай педагогикалық кеңес беру.

2.Балабақшадағы іс –шараларға ата-аналарды қатыстыру.

3.Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.

4.Үлгілі ата-аналар бұрышын жасау.

5.Ата-аналарды балабақша өмірімен қызықтыру.

6.Балаларды дамытудың диагностикасын жасау.

7.Күнделікті оқу-тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту.

Әке мен шеше –баланың алғашқы тәрбиешілері.Ата-аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.Бала бақыты –білімде.Білім –бір құрал.Білімі көп адам құралы сай ұста сияқты,не жасаса да келістіріп жасайды дейді Ахмет Байтұрсынов.Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындай бірлесе жұмыс атқару керек.Бала психикасы үйдегі көрген-білген,естіген мәліметтермен толығады.Әрбір ұстаз ата-аналармен қарым-қатынас жасауда түрлі тәсілдерді,қазіргі жаңа техноогияларды пайдалана отырып,ата-аналардың қызығушылын арттыру мақсатында жұмыс атқарса,ата-ананың балабақшаға ,тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басты мақсаты –отбасында баланы тәрбиелеуге кәсіптік көмек беру,оны ауыстырмай,тәрбиелік функцияларын жүзеге асыруды толықтыру және қамтамасыз ету арқылы жүргізу.Бұл:

-баланың қызығушылығы мен қажеттілігін дамыту;

-бала тәрбиесіндегі тұрақты өзгеретін жағдайларда ата-аналар арасындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;

-отбасындағы әртүрлі ұрпақ арасындағы қарым-қатынастың ашықтығына қолдау көрсету;

-отбасы өмірінің бейнесін жасау,отбасылық дәстүрлерді формалау;

-баланың жекелігін қабылдау және түсіну,балаға бірден –бір тұлға ретінде сену және сыйлау.

Мектепке дейінгі ұйым педагогы ата-аналармен сенімді шағын орта құру үшін олармен жұмыс мазмұны мен формаларын ойластыруы міндетті.

Ата-аналармен жұмыс формалары:

Форма(латын сөзі forma) –құрал,бірнәрсенің құрылымы,ұйымдастыру жүйесі.

Бүгінгі күні ата-аналар педагогикалық білімін ағартудың дәстүрлі емес,жаңашыл деп саналатын әртүрлі әдістері мен формалары қолданылып келеді:

-көрнекі насихаттау;

-онлайн бақылау;

-отбасына қатынау;

-консультациялық пункттер;

-ата-аналар жиналысы;

-әңгімелесу мен консультациялар;

-ата-аналар конференциялары;

-ауызша журналдар;

-сауалнама жүргізу;

-ашық есіктер күні;

-дөңгелек үстелдер;

-клубтар ұйымдастыру;

-біріккен бос уақыттар.